**А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектеп**

«Бекітемін»
Мектеп директоры
А.Алимова
________

# Бейінді оқыту жұмыстарының жылдық жоспары

Қызылорда, 2024ж.

## КӘСІПТІК БАҒДАРДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Әрбір он жыл сайын әлемде тың жаңа мамандықтар пайда болады. Еңбек нарығы 65%-ға өзгеруі ықтимал, қазір бастауыш мектепке оқитын балалар болашақта бізге әлі белгісіз, мүлдем жаңа мамандықтар мен кәсіп түрлерін меңгеретін болуы мүмкін. XXI ғасырда жаңа мамандықтардың пайда болуы жаңа технологиялардың қарқынды дамуымен және жаһандық компьютерлендірумен тікелей байланысты. Осыған орай қазақстандық оқушыларға кәсіптік бағдар беру аса өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «29) кәсіптік бағдар - білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру» («Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. 19.04.2019 өзгертілген.), -делінген екен. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «...7-11 сыныптар аралығында орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына кәсіптік диагностика жүргізу; Кәсіби бағдар және мансап орталығын құру және жұмыс істеу; Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруға және 9 және 11 сынып бітірушілерін жұмысқа орналастыруға мониторинг жүргізу ...» (ҚР Үкіметінің Қаулысы //Электронды ресурс https://egov.kz/cms/ru/law/list/P1800000460),- деп мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар берудің өзектілігі нақты айқындалған. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 4-қосымша) 2- тарауының 7-ші және 9-шы тармақтарында мектеп оқушыларының кәсіптік бағдарын қалыптастыруға басты назар аударылған. Нақты атап айтқанда: 7. Жалпы орта білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіптік өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады, яғни: 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану; 2) сын тұрғысынан ойлау; 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу; 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану; 6) топта және жеке жұмыс жасау білігі; 7) мәселелерді шешуі және шешім қабылдау. 9. Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері: 4) бітірушілерге олардың мүдделері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіптік өзін-өзі анықтауына көмектесу; 5) бітірушілерге өмір бойы білім алуын жалғастыруға оң көзқарасының, өмірде мансаптық өсуі мен танымдық процесін реттеуге даярлығының қалыптасуына көмектесу болып табылады (МЖМС).«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №150 бұйрығы;

**Кәсіптік бағдар** – білім алушының кәсіптік қызығушылығына, жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім алудағы және кәсіптік саладағы мүмкіндіктерді, мамандықты және оқу орнын еркін әрі саналы түрде таңдау құқықтарын іске асыруда ақпарат беру және консультациялық көмек көрсету

**Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысының мақсаттары**:

**1-мақсат:** оқыту мен еңбек қызметін саналы түрде таңдауға бағытталған анықталған бейімділіктер мен қабілеттерді ескере отырып, кәсіби дамудың мүдделері мен бағыттарын қалыптастыру.

**2-мақсат:** Еңбек нарығындағы өзгерістерді ескере отырып, білім алу және кәсіби траекторияны таңдау үшін ақпараттандыру және кеңес беру жүйесін құру. / Білім және ғылым Министрінің 2021 жылғы «2»қарашадағы № 545 бұйрығына ***1-қосымша*** /

3. Оқушылардың еңбекке деген саналы қатынасын, тұлғалық ерекшеліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын және өңір мен елдегі еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі шеңберінде кәсіптік өзін-өзі айқындауын қалыптастыру.

4. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде болашақ мамандығы мен оқыту бейінін таңдауға, сонымен қатар болашақ кәсіптік мансабын жоспарлауға қолдау көрсету.

**Кәсіптік бағдар жұмысының негізгі міндеттері:**

**Бастауыш сыныптарда \1-4 сыныптар\:**

Еңбекке деген қызығушылықты қолжетімді және қызықты түрде бойға сіңіру;

Пәнге бейім қабілеттерін анықтау;

«Мамандық», «болашақ кәсіп», «өмірге қажетті дағдыларға қалыптасу», «болашақ» жайлы түсініктерін қалыптастыру.

**Негізгі сыныптарда \5-9 сыныптар\:**

Кәсіптер әлемімен таныстыру, бейімділіктер мен мүдделерді анықтау, кәсіби даму бағыттарын ұсыну

1) Оқушыларды оқыту бейіні бойынша бөлу үшін олардың бейімділіктері, қабілеттері, қызығушылықтары туралы объективті мәліметтер жинау;

2) Элективті курс сабақтары мен тәрбие жұмысында қолданылатын оқытудың кешенді және дәстүрлі емес формалары мен әдістері есебінен бейіндік оқытудың вариативтілігінің кең ауқымын қамтамасыз ету;

3) Жұмысқа орналасу қиындығын болжауға оңай болатын кейбір оқушылар топтарына яғни, түзету мектептері мен сынып оқушыларына қолдау көрсету;

4) Жоғары сыныптар арасында қосымша және кәсіптік білім беру мекемелерімен, өңірлік кәсіпорындармен ынтымақтастықтың икемді жүйесін әзірлеу;

5) Ата-аналарды мектеп оқушыларының бойында өмірдің әртүрлі салаларына деген өмірлік қызығушылықтарын кеңейту, басым қызығушылықтарын қалыптастыру мен кәсіптік бағдар беру жұмысына жұмылдыру;
6) Өңірлік еңбек нарығында жоғары қажеттілікке ие мамандықтарды насихаттау үшін кәсіптік бағдар және еңбек нарығы саласындағы ұйымдарымен ынтымақтастық.
**Жоғары сыныптарда \10-11 сыныптар\:**

1) кәсіптік бағдар беру тестінен өту, оның ішінде ҰТО базасында (колледждерге түсушілер үшін)
2) келешекте дамитын жаңа кәсіптер туралы хабардар ету (оның ішінде жаңа кәсіптер Атласы арқылы)
3) кәсіпорындарға экскурсиялар, жетіспейтін құзыреттер жиынтығы ,оқу орнын (колледжді) таңдау
4) кәсіптік бағдар беру тестінен өту
5) Оқыту бейінін таңдау туралы барабар шешім қабылдауды анықтау және қалыптастыру мақсатында топтық және жеке тестілеу
6) Таңдалған еңбек түрінде кәсіби қасиеттерді қалыптастыру

**2024-2025 оқу жылындағы көзделген мақсат:**

Оқушылардың кәсіпті саналы таңдауына барлық мүмкіндікті жасау, қажеттті ресурстарды қолдану, кәсіптік қызығушылығын жан-жақты зерттеу, мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру,мамандық жайлы түсінік беруді 5-сыныптан баулу, кәсіпке ерте жастан бейімдеу.

**Міндеті:** 1.Пән мұғалімдерінің білім алушылардың қызығушылығын зерттеуді үйренуіне ықпал жасау, қызығушылықты анықтаудағы , мотивация берудегі теориялық, әдістемелік білім деңгейлерін арттыру.

2. Мектептегі білім алушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау үшін жүргізілетін зерттеу,диагностикалау жұмыстарын бастауыш сыныптардан бастау
3. Таңдау курстарының, диагностикалық жұмыстарды атқарудың нәтижелі, тиімді жолдарын қарастыру :
- Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту:
- Кәсіби білім беруде мекемелермен бірлесіп бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби бағдар беруді оқу- тәрбие үдерісіне енгізу.

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Мектеп пән мұғалімдерінің білім алушыларды зерттеу дағдылары артады
2. Білім алушылардың қызығушылығын анықтау, зерттеу, әрі қарай дамыту тәжіибелері жинақталып, әдістемелік жинақтары таратылады.
3. Жоғары сынып оқушыларын оқытудың мазмұнын бейіндік және деңгейлік даралауға жағдай туғызуға, жеке қабілеттері мен талаптарына сай жеке білім траекториясын құруға мүмкіндік туады.

***2024-2025 оқу жылында жетілдіру қажет бағыттар:***

1. Білім беру мекемелеріндегі педагог қызметкерлердің біліктілік арттырудың жаңа үлгілері арқылы мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын арттыру.
2. Жеке пән мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығын көтерудегі жұмыс жүйесін құру.
3. Бағдарлы оқытуда жаңа педагогикалық технология мен тәжірибелерді таратудың және қорытындылаудың жаңа әдістемесін жасау және сынақтап өткізу.
4. Бейінді –бағдарлы орынбасарлардың тәжірибесін дамыту мақсатында әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіп,өзіндік білім көтеру жұмыстарына баса назар аударту.
5. Мектептердің басқа да тірек мекемелерімен (республикалық біліктілік көтеру институтымен,облыстық білім жетілдіру институтымен, ЖОО-мен, «Қабілет» орталығымен және инновациялық мектептермен ) байланыс жасау.

## 2024-2025 оқу жылында атқарылатын шаралар жоспары

| Р/с | Жұмыс мазмұны | I | II | III | IY | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қыркүйек** | | | |
| **1** | **Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар** | «Жаңа мамандықтар мен құзіреттердің Атласы» мәліметтер қорымен таныстыру (11 - сыныптар) | Бейінді сыныптарда: физика-математика сабақтарына ену (11-сынып) | «Жетістік кілті» 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізу. | «Әлемде талай мамандық бар» мамандықтардың түрлерімен таныстыру . 9 - сыныптар. | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілер, психолог |
| **2** | **Кеңес беру диагностикалық бағыт** | « Голомшток» тесті 9- сыныптар. Мамандыққа бейімділік нышандарын анықтау. Психологпен біріккен жұмыстар. | 9-11 сынып оқушыларының орналасуы. Талдау. | 4-сынып оқушыларының қызығушылығын анықтау, сауалнама алу. | Балалардың мектепке бейімділігі. Мектепалды даярлық тобына бақылау жасау. | Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, психолог |
| **3** | **Белсенді дамытушылық бағыт** | MBTI , Gardner тест нәтижелері бойынша 10-сынып оқушыларының қабілеті мен бейінділігін ескеріп, өтініштері негізінде бағытқа бөлу, білім беруді ұйымдастыру. | Еліміздегі ЖОО 9 - 11 сынып оқушыларын таныстыру | Әлеуметтік серіктестік негізінде оқу орындары, өңірлік кәсіпорындармен меморандумға отыру. | WeGlobal (ақылы) платформасына 5-11 сынып оқушыларын тіркеу, бейінін анықтау. | Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер |
| **4** | **Ата-анамен жұмыстар** | Ата-аналардан бағдарлы сыныпқа орналасу жөнінде өтініш<br>Ата-аналар жиналысы. •<br>10- сыныптар. | Ата-аналарға арналаған ақпараттық көмек беретін іс-шаралар ұйымдастыру. | Пәндер комбинациясы туралы кеңес беру | WeGlobal (ақылы) платформасына 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарын тіркеу. | Мектеп әкімшілігі.сыны п жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бағдарлы сынып ерекшеліктері. | | | | |

| Р/с | Жұмыс мазмұны | I | II | III | IY | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қазан** | | | | | | |
| 1 | Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар | «Мен кім боламын?» сурет салу (1-4 сыныптар) | Гарднердің көптік зият тестін таныстыру (7-сынып) | 10-сынып оқушылары "Teachers club" (Болашақ ұстаздар клубы) құру | Кәсіптік ойындар Бастауыш сыныптар | Мектеп әкімшілігі, Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Педагог – психологтар |
| 2 | Кеңес беру диагностикалық бағыт | Еліміздегі арнаулы, орта оқу орындарындағы мамандықтар туралы 9-сынып оқушыларын ақпараттандыру | «QAZPROFTEC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Bagdar.kz» кәсіби бағдарлаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру, мамандыққа қажеттілікті болжау және сараптау жобасы аясында, кәсіби диагностикалау жұмыстарын тиімді ұйымдастыру | «Жаңа мамандықтар атласы» презентациялар шолуы | Тұлғаның типтерін анықтау мақсатында Майерс-Бриггс тестін 9-сыныптарынан алу | Мектеп әкімшілігі, Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Педагог – психологтар |
| 3 | Белсенді дамытушылық бағыт | Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай 6-сынып оқушыларының арасында сахналық қойылым сайысы | 5-11 сынып оқушылары арасында мамандықтарын насихаттау бағытында жетістікке жеткен мамандармен жүздесу ұйымдастыру. | «Менің болашақ мамандығым». Суретшілер байқауы 5-7 сыныптар | "Осындай мамандық бар" компьютерлік презентациялар байқауы (8-сыныптар) | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Педагог – психологтар |
| 4 | Ата-анамен жұмыстар | Алдағы 10 жылдықта дамитын мамандықтар жайлы ақпараттандыру | «Жетістікке жету құпиялары» Оразмаханов Жандос Шынжырбайұлы-Самғау Жастар сыйлығының иегері, Қорқыт Ата ҚМУ – де Бизнес –инкубаторы басшысымен біріккен | 10-11 сынып ата-аналарымен жеке консультация жүргізу | 7-8 сынып ата-аналарына мамандық түрлерімен таныстыру | Мектеп әкімшілігі, Педагог – психологтар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жұмыстар жүргізу | | | |

| Р/с | Жұмыс мазмұны | I | II | III | IY | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қараша** | | | | | | |
| 1 | Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар | «EduNavigator» тегін платформасында баланың архетипіне байланысты 9 - сынып оқушыларының мамандығын анықтау. | Бейінді сыныптар: Химия - биология сабақтарына ену (11- сынып) | «Мамандықтар әлемі» роликтер (8-сыныптар) | «Сен де бір кірпіш, дүниеге...» белгілі қоғам қайраткерлерімен, еңбек озаттарымен, бизнес әлемінде жетістікке жеткен т.б тұлғалармен дөңгелек үстел ұйымдастыру | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Сынып жетекшілері |
| 2 | Кеңес беру диагностикалық бағыт | Холланд мансаптық тестілеуін 7-сыныптарға өткізу | 8-сыныптарға алдын ала бағыт беру аясында Е.А.Климов дифференциалдық-диагностикалық тестілеуін жүргізу. | 9 сыныптардан кезенді сауалнама алу. Голомшток сауалнамасы. | “7 құндылық” атты психологиялық тренинг өткізу | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, психолог |
| 3 | Белсенді дамытушылық бағыт | «Ең үздік суретші» байқауы<br>3-4 сыныптар. | 4-сынып оқушыларына “Кім боламын?” атты сахналық қойылым ұйымдастыру (“Мектеп театры” жобасы аясында) | Өндіріс орындарына саяхат «Мамандығым-болашағым» ЖОО, колледждер, Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы, мектеп оқушылары, кәсіпкерлердің қатысуымен кездесу | «Өнерлі өрге жүзер» ән байқауы.<br>5-9 сыныптар. | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілер |
| 4 | Ата-анамен жұмыстар | «Ата-анаға керек 10 лайфхак »<br>11 сыныптар.<br>Семинар-тренинг. | Ата - ана кәсібіне құрметпен қарау мақсатында “Ата-ана жұмысында 1 күн” жобасы бойынша 7 - сынып оқушыларына экскурсия ұйымдастыру | 9- сынып ата-аналармен жеке консультация жүргізу | «Мамандық таңдаудың әдістері» дөңгелек үстел | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Педагог – психологтар |

| Р/с | Жұмыс мазмұны | I | II | III | IY | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Желтоқсан** | | | | | | |
| **1** | **Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар** | “Мамандық: кеше-бүгін- ертең” вайндар байқауы | “Талапқа талғам таразы” - грант түрлері жайлы ақпараттар тізімімен таныстыру | “Сені бақытты ететін жол” атты 10-сынып оқушыларымен әңгімелесу (шай сағаты) | Кәсіпкерлер палатасымен бірлескен жұмыстар | Мектеп әкімшілігі |
| **2** | **Кеңес беру диагностика-лық бағыт** | Г.Гарднердің көптік зият теориясы бойынша қабілеттілікті анықтау тест (9-11 сыныптар ) | Жеке кәсіби бағдар беру (10-11сыныптар) | 7- сынып оқушыларымен “Мирный воин” атты фильмнің үзінділерін талдау арқылы оқушыларды құндылыққа баулу | Г.Гарднердің көптік зият теориясы бойынша қорытындысын шығару | Мектеп әкімшілігі Педагог – психологтар |
| **3** | **Белсенді дамытушылық бағыт** | QS рейтингі бойынша үздік шетелдік университеттер және шетелге түсу талаптары бойынша ақпараттандыру | “Тәуелсіздік тәтті ұғым” атты 6- сынып оқушылары арасында бейінін анықтау мақсатында мәнерлеп оқу сайысы | «Менің кәсібім - менің бизнесім» атты бизнес жоспардың жобасын қорғау (9-10 сыныптар) | «Мансап» орталықтарымен «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен ерте кәсіби бағдар беру жұмысы-тұлғаның табысты әлеуметтенуі мен кәсіби өзін-өзі анықтауының негізі» бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру | Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері |
| **4** | **Ата-анамен жұмыстар** | «Оқушыларды мамандық таңдауға қалай бағыттауға болады?» Коучинг | 11-сынып оқушыларының ата-аналарымен жеке кеңес | “Баланың мамандық таңдаудағы ата - ананың рөлі” сауалнама алу | «Баршаға тегін кәсіптік – техникалық білім беру (бейнеролик) | Мектеп әкімшілігі Педагог – психологтар |

| Р/с | Жұмыс мазмұны | I | II | III | IY | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қаңтар** | | | |
| 1 | Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар | Дебат клубы: «Болашақтың мамандықтары» 10 - сыныптар. | «Kasip bagdar_kzo» инстаграмм парақшасына мектеп бітірушілерін тіркеу, барлық кәсіби бағдар беру, кәсіби диагностикалау және мамандық таңдауға басты жаңалықтарды үнемі жариялап, жаңарту. | Бейнелеу өнері пәнінің берілуі. 2-4 сыныптар. Сабақтарға ену. | «Болашаққа сеніммен» мектеп бітіруші түлектермен «Ашық микрофон» алаңына дөңгелек үстел (10-11 сыныптар) | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | Кеңес беру диагностика-лық бағыт | Жетістікке жету құпиялары Идеялар аукционы. 10-сыныптар. | **«Жаңа мамандықтар әлемі»** Слайд-көрсетілім. 11-сыныптар. | Кәсіби бағдар бойынша жаңаша мәліметтермен және кәсіпорындарындағы еңбек нарығының қажеттіліктері туралы қамтамасыз ету, кездесулер ұйымдастыру және хабарламалар ілу. | “Мектеп мақтаныштары” - мектеп бітіріп кеткен түлектер мен кәсіп иелері немесе еңбек адамдарымен кездесу пікір алмасу. | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Сынып жетекшілері |
| 3 | Белсенді дамытушылық бағыт | **«Дублер күні»** «Мамандық таңдау – маңызды мәселе» консилиум-тренинг. 11- сыныптар. | Болашақ мамандығына байланысты стратегиялық жоспарлар құруға үйрету. (8-сыныптар) | 9 - сынып оқушылары арасында жұмысшы мамандықтарын насихаттау: “Адал азамат - Адал еңбек - Адал табыс”- кәсібі бойынша жоғары жетістікке жеткен жұмысшы мамандармен кездесу | “Маслоу” пирамидасы бойынша 7-8 сынып оқушыларының қажеттіліктерін анықтау тренингі | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Педагог-психолог |
| 4 | Ата-анамен жұмыстар | Ата-аналармен жеке кеңес. | Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу : “Жұмыстың жаманы жоқ, кез-келген еңбек қадірлі!” Техникалық мамандықтар бойынша жетістікке жеткен ата-аналармен кездесу (7-8 сынып) | “Баламның болашағы” атты ата-аналардан сауалнама алу. | “Ата-анамның жұмысындағы 1 күні” - экскурция (8-сынып оқушылары) | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Сынып жетекшілер |

| Р/с | Жұмыс мазмұны | I | II | III | IY | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Ақпан** | | | |
| 1 | **Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар** | «Бақыттың кілті еңбекте» қолөнершілер көрмесі (5-7 сыныптар) | Интеллект (IQ ,SQ, PQ, EQ ) түрлері бойынша 8-9 сынып оқушыларына арналған дамыту сабағы | Педагогтарға біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру, мерзімінде өтуге жүйелі жұмыстар жүргізу. | “5 revelations about life” (“5 откровении о жизни”) эссе жазу | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Сынып жетекшілері |
| 2 | **Кеңес беру диагностика-лық бағыт** | Эннеаграмма тест . 9 -сынып оқушылары | “Мен және менің қабілетім” эссе жазу 6- сыныптар. | «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша мұғалімдерді біліктілік арттыру курстарынан өткізу | «Сенің кәсіби ой -ниетің» сауалнамасын алу (9-сыныптар) | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар |
| 3 | **Белсенді дамытушылық бағыт** | Мамандықтар мен университет кодтары арқылы бейінді пәндеріне байланысты болжам жұмыстарын жүргізу | 7-8-9 сынып оқушыларымен « Мен және менің келешектегі мамандығым» психологиялық сабақ өткізу. | 9-11 сыныптармен “Армандар картасын” жасау | Мамандық таңдауда нақты қадамдар. (9- сыныптар) | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, психолог |
| 4 | **Ата-анамен жұмыстар** | «Мен кәсіби маманмын» ата-аналардың қатысуымен түрлі маман иелерімен кездесу | «Мамандық таңдау – маңызды мәселе» консилиум-тренинг. 11- сыныптар | Мамандық таңдау құпиялары. Ата-аналармен жұмыс. 5- сыныптар. | 9-11 сынып оқушыларының ата-аналарына жеке консультация беру | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Педагог – психологтар |

| Р/с | Жұмыс мазмұны | I | II | III | IY | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Наурыз** | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар | ЖОО орындарына саяхат<br>(10-11 сынып оқушылары) | 11-сынып оқушыларына “Қалау.Мақсат.Жоспар. Нәтиже” атты психологиялық-мотивациялық сабақ | 9-сынып оқушыларына арналған “Өз жобаңды жаса” атты смарт-жоба қорғау | Оқушылардың таңдау пәндеріне байланысты оқу орындары кодтарымен таныстыру | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар<br>Сынып жетекшілері |
| 2 | Кеңес беру диагностика-лық бағыт | 9-сынып оқушыларына Жеке кәсіптік келешекті тұрғызу тесті | «Kasip bagdar_kzo» инстаграмм парақшасына мектеп бітірушілерін тіркеу, барлық кәсіби бағдар беру, кәсіби диагностикалау және мамандық таңдауға басты жаңалықтарды үнемі жариялап, жаңартып отыру | Топтық кәсіби бағдар беру | 7-8 сынып оқушыларынан Беннет тестін алу | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар |
| 3 | Белсенді дамытушылық бағыт | Ақын Тұманбай Молдағалиевтың 90 жылдығына орай 8-сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы | «Менің арманымдағы мамандық» атты 5- сынып оқушыларына тәрбие сағаттарын өткізу | «Менің сүйікті ісім» тренинг<br>6- сыныптар | 5-7 сынып оқушылары арасында “Гүлдер жәрмеңкесі” көрмесін ұйымдастыру | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері |
| 4 | Ата-анамен жұмыстар | «Менің балам қандай?» тренинг | «Менің баламның білімінің көрсеткіші» тақырыбында мектеп әкімшілігімен жиналыс | 9-сынып оқушыларының ата-аналарымен жеке консультация жүргізу | Грант түрлері, квоталар және қажетті құжаттар бойынша 11-сынып ата-аналарына ақпарат беру | Мектеп әкімшілігі , бейінді оқыту жөніндегі орынбасар<br>Педагог – психологтар |

| **Р/с** | **Жұмыс мазмұны** | **I** | **II** | **III** | **IY** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Сәуір** | | |
| 1 | Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар | «Менің мамандығым-менің болашағым» *консультациялық сабақтар*<br>*КББжо*<br>*1-4 сынып* | “EDUSER” платформасымен жұмыс жасау | «Мансап» орталықтарымен «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен ерте кәсіби бағдар беру жұмысы-тұлғаның табысты әлеуметтенуі | «Соңғы уақытта пайда болған мамандықтар» туралы ақпараттар беру | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар<br>Сынып жетекшілері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *оқушылары, сынып жетекшілері* | | мен кәсіби өзін-өзі анықтауының негізі» бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру | | |
| 2 | Кеңес беру диагностика-лық бағыт | 10-11 сынып оқушыларынан “Икигай” тестін алу | «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» сауалнама 11 сыныптар | 8-9 сынып оқушыларын “Кеттел” тестілеуінен өткізу | «Менің мінезімнің типі» 1-11 сыныптарынан Айзенк тестін алу | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, психолог |
| 3 | Белсенді дамытушылық бағыт | Техникалық мамандықтар бойынша “Шексіз ғарыш әлемі” атты 7-8 сынып оқушылары арасында өнертапқыштар байқауы | «Келешекте дамитын мамандықтар туралы» жоба | «Менің мамандығым» жетістікке жеткен мектеп түлектерімен кездесу 9-11 сыныптар | Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу (9-11 сынып) : “Жұмыстың жаманы жоқ, кез-келген еңбек қадірлі!” | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, психолог |
| 4 | Ата-анамен жұмыстар | «Бала таңдауына ата ананың ықпалы» *Педагогикалық Консилиум 8-сыныптар.* | Техникалық мамандықтар бойынша жетістікке жеткен ата-аналармен кездесу | Грант түрлері, квоталар және қажетті құжаттар бойынша 11-сынып ата-аналарына ақпарат беру | «Мен оқуға түсемін» ата-ана, оқушылармен бірлескен жұмыс | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Педагог – психологтар |

| **Р/с** | **Жұмыс мазмұны** | **I** | **II** | **III** | **IY** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Мамыр** | | | |
| 1 | Кәсіби ақпараттық – ағартушылық жұмыстар | «Жаңа мамандықтар әлемі» 8- сыныптар. | Түлектерге таңдау пәндеріне сай грантқа түсу мүмкіндіктеріне кәсіби бағдар беру. 4 мамандық, 4 қала жолдарын үйрету. | 2025 жылға мамандықтар бойынша грант бөліністері , шекті баллдар бойынша ақпараттандыру | «Мамандықтар бланкісін» жинақтау 1- 11 сыныптар | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Сынып жетекшілері |
| 2 | Кеңес беру диагностикалық | Сабақтарға ену, талдау | 11 сынып | «Менің мінезімнің | 9 сынып | Бейінді оқыту |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағыт | жасау. Пәндердің стандарт талаптарына сай берілуіне бақылау жасау. | оқушыларына 4 мамандық, 4 университет таңдау жұмыстары | типі»<br>(1-4 сынып) | оқушыларының орналасуы бойынша жоба - мәлімет | жөніндегі орынбасар |
| 3 | Белсенді дамытушылық бағыт | «Мен таңдаған мамандық»<br>*Эссе байқауы*<br>*8-9 сынып оқушылары* | «Болашақты қалай елестетесіз?» пікірталас<br>9- сынып түлектері.<br>Болашаққа бағдар, кәсіпке кең өріс | “Мен грант жеңімпазы боламын” атты түлектермен дөңгелек үстел | «Кәсіби бағдар беру жұмыстарын басқару құзыреттілігін дамытудың инновациялық бағыттары» «Ең үздік 10 мамандық» TEDx | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар |
| 4 | Ата-анамен жұмыстар | «Сұранысқа ие мамандықтар» Ақпараттық жұмыстар. | Грант түрлері, квоталар және қажетті құжаттар бойынша 11-сынып ата-аналарына ақпарат беру | «Бала –бақыт бастауы, отбасы-алтын діңгегі» тренинг | 2025 жылға мамандықтар бойынша грант бөліністері , шекті баллдар бойынша ақпараттандыру жиналысы | Бейінді оқыту жөніндегі орынбасар<br>Педагог – психологтар |